

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

жаншылып, жандары құрбан болса да, ескілікті, ескі жүйені қиратуға күш салғаны, қазақты енді Тәуелсіздіктің ақ таңы күтіп тұрғанымен аяқталады. Сондай-ақ, автор суретші Мәмбеттің шығарма соңында триптихына «Кенесары» деген атты қылқаламымен анық жазуы арқылы елдің, жердің, ойдың бостандыққа шыққанын бейнелі түрде көрсетіп береді.

Романның көркемдік қуаты, идеялық мәні терең. Шығармадағы әр оқиға, қысқа сюжет болсын туындының біртұтас дүние болуына қызмет етіп тұр. Сондықтан туындының көркемдік ерекшелігін шығарма мазмұны мен идеясынан жеке-жеке бөліп қарастыру қиын. Бұл романның қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны зор. Шығарманың көркемдігін жоғарыда айтқанымыздай ірі ғылыми жұмыстарға арқау ету қажет. Себебі Т.Жұртбай айтқандай «тарихтың үкімін көркем оймен заманынан оза шығарған жазушы Бекежан Тілегеновтің бұл көркем үкімі осы уақытқа дейін жарияланбай, бағасын алмай келгені өкінішті».

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тілегенов Б. Көптомдық шығармалар жинағы. Әдебиет – менің Отаным: естелік жазбалар. Т4. /Құрастырушы Тұрсын Жұртбай. – Алматы: Ел-шежіре, 2021. -320 б.
2. <https://ult.kz> Жұртбай Т. Әділет алғауы. -2016, 06 тамыз.
3. Мағауин М. Ақыр-дүние: естелік әңгімелер (жазушы Б.Тілегенов туралы) //Жұлдыз. -2004. №11. 121-140-бб.
4. Тілегенов Б. Шығармалар жинағы. Сексен алтыншы жыл: Роман. Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. -320 б.

ӘОЖ 17.9.82

САЙЛАУХАН НӘКЕНОВТІҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

Қабдықалық Толғанай Қабдықалыққызы

kabdikaliktolganai@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, Мирзахметов А.А.

Табиғат лирикасы - лирика жанрының бір түрі, ақынның ішкі жан-дүниесі оның әр түрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар. Табиғат лирикасының алғашқы белгі, нышандарын фольклорлық поэзиядан байқауға болады. Өйткені қашанда адамзат табиғатпен етене жақын. Сондықтан айнала қоршаған орта және оның түрлі жаратылыс сырлары адамның назарын өзіне аударған. Осындай жағдайда ақындар табиғатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып отырған. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астасты-ра жырлаған. Табиғат лирикасын айтқанда, ұлы Абайды еске аламыз. Оның жылдың төрт мезгіліне арнап жазған өлеңдері осы уақытқа дейін оқушысын тамсандырып келеді. Абайдан соңғы қазақ ақындары да (С.Сейфуллин, МЖЦмабаев, І.Жансүгіров) табиғат лирикасын көптеп жазды. [1.98] Ал бүгінде табиғат туралы жазбаған ақындарды кез-дестіру қиын. Демек, Табиғат лирикасы өзінің мәңгілік жырлана беретін тақырып екенін айғақтайды. «Қазақтың халық поэзиясында табиғат суреті, жаратылыс көріністері үлкен орын алады. Сахара- да көшіп жүрген, күнделікті өмірі жазда, күзде, тіпті жыл бойы дерлік кең далада, төңкерілген ашық аспан астында, өзен-судың жағасында өтетін елдің өзін ұдайы табиғаттың аясында, құшағында отырғандай сезінуі таң қаларлық нәрсе емес», — дейді теоретик ғалым З.Ахметов [2; 408].

С.Нәкеновтың жан тебіренерлік асқан шеберлікпен жазылған құнды асыл өлеңдері жалпылама тақырыптық жағынан алып қарағанда көбінде лирикаға құрылған деуге әбден болады. Оған судай мөлдірлік, кіршіксіз тазалық пен адалдық тән. Ондағы

табиғат сыры, көңіл – күй көрінісі, ұлы сезім махаббат адалдылығының лирикалары кез келген оқырманның жан дүниесін ерекше тербеп, өзгеше қайталанбас терең сезіммен баурап әкететін табиғилық сарыны басым.

Ақынның табиғат тақырынба қалам тартқан лирикасы – кең даланың, жасыл жайлаудың, көшпенді қазақ халқының тұрмыстық айқын көрінісі. Ақын С.Нәкенов табиғаттың төрт мезгілін де адам жанымен шебер байланыстырып, оның өзі табиғаттың, жер ананың төл перзенті екенін тіпті әр өлеңінде, әр туындысында оқырман есіне салатындай. Жүрегімізге тереңінен үнілер болсақ, ойымызға салмақ салып ой жүгіртсек ұлттық поэзия мен табиғат сарындары бір – бірінен ажырамас дүние, тамырлары бірдей тереңде жатқан, бір арнада байланыса тоғысқан тұтас жүйе екеніне ешбір күмән келтіре алмаймыз. Табиғат – алғашқы көзбен қарағандай тұнып тұрған тыныштық, үнсіздік ұясы ғана емес, сондай-ақ табиғат өте тылсым, ерекше, әлі де талай қырлары ашыла қоймаған жұмбақ дүние. Сол тылсым дүниенің әлі де біз байқамаған қырлары мен сырын ашу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ол үшін адамның тұл бойынан нағыз мен деген ақынға тән батылдық, жүректілік, өжеттілік, байқампаздық, біліктілік пен шеберлілік, әсемдікті бейнелейтін асыл сөз өрнектері, сол әсем дүниені бірден сезіне алатын, көре алатын қырағы көз, сергектік пен серпінділік сипаттардың көп болуы шарт. Ақын мұраты, өлеңсіз өріс өресі де осында.

Ақынның:

Ашудай күміс қарды сай-сайға атып,
Па, шіркін, көктем келді пай-пайлатып!
Сал самал бәйшешекті сүйіп-құшып,
Барады көркемдікті тәй-тәйлатып.

Аймалап қыз деміндей өбіп өткен,
Көктемнің жұмсақ еді лебі неткен!
Көркінен жыр құйылып, күй төгіліп,

Сұлулық сығалайды төңіректен. [3.56] - деген өлеңі арнайы табиғат бағытындағы лирикасына арнап жазылған шығармаларының ең үздігі, ең шоқтығы биік туындысы деп атаса болады. Ақын жаны да, тәні де, ішкі сезімдері, тебіреністі тұстары да өте көркем, бейнелі әрі бедерлі беріледі. Бұл да ақынның өз ісіне деген асқан жауапкершілігі мен тиянақтылығын көрсете дәлелдейді.

Ақынның ел, жер, туған өлке қамын ойлаған, болашақ мәселесі төңірегінде алаңдаған, өткен тарихына көз жүгірткен азаматтың парыздық үні егемендік тәуелсіздіктің тіпті алғашқы жылдарында -ақ өлеңдеріне негіз бола отырып, шоқтығы биіктей түсті.

Сондықтан да осы орайда «ҒАСЫРЛАРДЫҢ АРХИВІ» деген өлеңіне шамалы көз жүгірте өтсек ақын:

Төбең бұлт, төскейінде қарлы қысың,
Армысың, дарқан далам, арлымысың!
Аталар қаламсыз-ақ қалай-қалай
Өзіңе жазып кеткен барлық ісін?!

Не керек өлшеу үшін безбен беріп.
Шешендер қамал соққан сөзден берік.
Мен бәрін оқып келем ұлылықтың,
Бәрін де құрылықтың көзбен көріп.

Жер-жаһан от-нажағай оранса да,
Батырды құшағына көр алса да,
Қайтпаған кек қалмапты құла дүзде,
Жебе жоқ атылмаған қорамсада [4.87]

Осы өлең жолдарының жарық көргеніне шамамен 30 жылға жуық уақыт өтсе де, ақын жүрегі адал түрде халықты сүйіп, тарихымызды құрмет тұту, үлгі ету, елге сіңірген мол еңбегі мен жемісін мойындату идеясынан таймайды.

Өзінің Отанға, туған жерге, халқына деген ерекше жылы көзқарасын ыстық ықылас, жүрек жарды сүйіспеншіліктен туындаған ыстық сезімінен лаулаған қанатты жыр жолдары арқылы, барлық дүйім елдің бүкірейген үлкені мен еңбектеген кішісіне дейін сипаттайды.

Тауыңда ұшқан қыранның
Бәрінен де сұрадым,
Бұлдыр-бұлдыр елестейді бірдеңе,
Былдыр-былдыр тіл қатады бұлақтар,

Танданғандай тербеледі құрақтар. [4.102]– деп бейнелі түрде көркем жеткізе жырлайды.

Сайлаухан жырлары терең бойлаған тұнықтығымен, бір тараптан екінші тарапқа өтетін ойшылдығымен, әлі де кеңінен ашыла қоймаған сыршылдығымен, өзіндік ерекше табиғилығымен, әдептілігімен және тектілігімен адам жанын бірден баурап алатын сиқырға ие. Әрбір өлеңі жекелей тақырыптарға бөлініп, сырттай әрқайсысы өзінше бөлек туынды көрінгенімен, шын мәнінде бір – бірімен астаса үндесіп жатқан, өзара логикалық байланысы бар, бір тақырып аясында ұласып, ұштасып, бірін-бірі толықтырып жатқан тұтас кең мағыналы әлем.

Кеудемді ашып салқынына самалдың,
Жолдарымен жүріп келем бабамның.
Сан жетпейтін соқпақтар мен сүрлеулер
Иір-қиыр тарихындай даламның.
Санамдағы сан жұмбақтар шешілмей,
Жүріп келем сөйлемей де, көсілмей.
Тас төбемнен ұшып өтті тырналар
Қызды ауылдың қоңыраулы көшіндей.[4.42]

Бұл өлеңінде өзінің алтын ұясының бәрінен әлдеқайда артық екенін, жанына жақын ыстық аймақ, әлем бойынша одан асқан байтақ жердің жоқтығын бейнелі сөз иірімдерімен керемет суреттейді. Өзін Ұлытаудан ұшқан ақындықтың ақ құсы есебінде көріп, осы танымдық ойды білдіреді. Бірте-бірте кеңге қанат жайып самғап, биікке ілгері жоғарылап келе жатқанын алға тартады. «Жолдарымен жүріп келем бабамның» деген жолдарындағы екінші ауыспалы мағынасы, бақыттан шаттанғандағы мол қуанышы мен үлкен тебіреніс сезім ұғымы.

С.Нәкенов лирикасында кездесетін тұрақты сөз тіркестері жайлы айтар болсақ, ол арнаны аса ерекше тұсының бірі әрі бірегейі сипатында алуға болады. Оған себеп, бұл тұрақты тіркестерде лирикалық қанық стиль бояуы, лирикалық иірімдер мен көркемдегіш құралдар басымдылығы анық байқалып тұратындығы. Оны төмендегі үзінді мысалы арқылы байқаймыз:

Табанында тұрғанда Жер – тірегі,
Тәуекелге тағдырын ер тігеді.
Асқар шыңның басынан арман іздеп,
Қол созымдай қалғанда мертігеді.
Биіктіктің жеткізбей қалғаны шын,
Адамдар бар дәл солай, арманы – шын.
Өкінбейді бірақта өжеттілер
Оны таңдап тағдырдан алғаны үшін. [5.56]

Бұл өлең жолдарынан, әрине, С.Нәкеновтың автор ретінде жан жүрек дүрсілін, ішкі тебіренісін танумен бірге өлеңдегі орынды қолданылған өрісті өлкені де, тиянақты мол ізденіс пен көркем ойлылық сипаттарды да, лирикалық кейіпкердің көңіл – күй көзқарасы, ұстанымы мен сенімі де анық байқалады. Таным категориясы есебінде «сыбағасы өзіңе бұйырмаған» деген жолын алып қарасақ, саған тиесілі болмаса да сен үшін бабалар батасын

алып, сен үшін тарихи жылдарға өшпес із қалдырамын деген негізгі ой екпіні басым көрініп тұр. Ақиқат алдына бас ұру арқылы алдау мен арбау, өтірік пен жалған ұғымдарына синонимдік қатар өте орынды берілген. Бұл ретте ақын сөздік қорының өте жоғары екенін елемей өту қате дүние болар. Ақын өзі бекітетін тақырып табиғатына барынша беріліп, еркін ене алады, мүмкін сол себепті де болар әсем әрі көркем, түсінікті жеткізе алады. Әр өлеңінің ең басты мәселесіне назар аударып, бар көңілін соған бөліп екпін түсіреді. Алайда, өзге де тақырып арналарын, мағынасы жағынан берілетін бірқатар мәселелерді де қатар жанама түрде алып жүруге шама шарқы жететіні байқалады. Әр алуан ізденістері мен талпынысы арқылы, талмай талаптанған ерең еңбегі нәтижесінде көркемдік асыл мұраттарға оңай жетіп отырады. Өмір өнегесіне, артынан ерген жас буын ақындарына, оқырман қауымға, келекшек ұрпақ сауатына жіті мән береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ данышпандары кітабы, АЛМАТЫКІТАП 2009ж.
2. Ахметов З.А. Поэзия шыңы — даналық. — 1-бас. — Астана: Фолиант, 2002. — 408 б.
3. «Жас керуен» топтамалар жинағы – Алматы: 1976
4. Нәкенов С. «Күдіретті қолдар» - 1977
5. Нәкенов С. «Жұмақтың жолы» - 2001

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ КОМПОЗИЦИЯСЫ

Қамбарова Ақмарал Сайлаубайқызы

Kambarova.akmaral@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

1- курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- ф.ғ.к., профессор Байтанасова Қ.М.

Көркем шығарма – нағыз суреткерлік әрекеттің нақты нәтижесі, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын заттың дерегі. Сәтті шыққан көркем шығарма – бір жазушы келесіндегі ғана емес, бүкіл әдебиет көлеміндегі кесек құбылыс, бүкіл өнер әлеміндегі тұрлаулы тұлға дейтін болсақ, образ – осынау өнер туындысындағы көп тұлғалардың бірі [1, 202б.]. Сөз өнері – өнер атаулысының ең қиыны да күрделісі». Шынында да өмірге өзгелерден өзгеше қарап, өзіңше баға беріп, бұлақтай таза жүрегіңнің үнін құлаққа қонымды етіп жеткізу, мөлдір, тұнық, сырлы сезім иірімдеріңмен өзгені өз әлеміңе ерте әкету нағыз талантты қажет етеді. Ал, бұл оңай ма? Әлбетте оңай емес. Демек, көркем шығарма жазу барлық адамға берілген мүмкіндік емес. Алайда, қазіргі таңда осы қасиеттің өз бойында бар – жоғына қарамастан қолына қаламсабын алып, қалам шебері болып шыға келетіндер де аз емес.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп- тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Бұл жолдарды оқығанда бірден өлең туралы ғана емес, нағыз шығарманың қалай жазылу керектігі жайында сөз қозғап тұр. Өлең үзіндісі көркем шығарманың нағыз қасиетін, іші де, сырты да бейне бір бұлақтың сыңғырындай келісімде, үндесімде болғанын қалап тұрғандай. Демек, біз айтып отырған мазмұн мен пішін де – көркем шығарманың нағыз сұлулығын, белгілі бір келісімділігін беруі қажет. Сонда *әдеби шығарманың мазмұны – өз эстетикалық идеалының тұрғысынан суреткер таныған ақиқат өмір де, пішін – осы шындық тұтастырыла жинақталған көркем образдар жүйесі, яки әдеби қаһармандар өмірі*[1,205б.]. Осы ретте қазақ әдебиетінде өзіндік бір орны бар Роза Мұқанованың оқырманның жүрегінен орын алған «Мәңгілік бала бейне» туындысының мазмұны мен